

ХАТТАМА № 3

Қамқоршылық кеңес отырысы

Уақыты: 24.05.2025. 12.00

Қатысқандар: 10 адам

Мектеп директоры

Қамқоршылық кеңес мүшелері

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары

Әлеуметтік педагог

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Балалардың жазғы сауықтыру науқанын ұйымдастыру мәселелері.

-1-4 сыныптарға арналған мектеп жанындағы лагерь;

-5-8 сыныптарға арналғын бейіндік лагерь.

Баяндамашы: ДТІЖО

2. 2025 жылдың жазғы сауықтыру науқаны аясында балаларды қала сыртындағы лагерьлерге жолдама беру тәртібі.

- Жетім және ата – анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды қала сыртындағы лагерьге жолдамамен қамту туралы.

- Жетім балалар лагерьге барудан бас тартқан жағдайда, жолдама аз қамтылған отбасы балаларына беру туралы шешім қабылдау.

Баяндамашы: Әлеуметтік педагог

ТЫҢДАЛДЫ:

1 мәселе бойынша ДТІЖО Булекпасова Багдат Шакимовна мәлімдеме жасады. Мектепте профильдік лагерь әр пән бойынша ұйымдастырылатын болады. Бастауыш сыныптары мен бейіндік лагерь бойынша екінші маусымнан бастап, он үшінші маусым аралығындағы жоспары құрылды. Бастауыш сыныптарының лагерьге келетін оқушылары үшін 800 теңгеге түскі уақыттағы ыстық тамақ мәзір бойынша «жаз-күз» деген перспективалық жоспары құрылып, қарастырылған. Лагерьге қажетті асхананың барлық құжаттары дайын, сәс талаптарына сай жасалған. Барлық жазғы лагерьге қатысы бар қызметкерлер санитарлық нормаға сәйкес медициналық тексеруден өтіп, жұмысқа жарамды деген құжаттарын тапсыру керектігі туралы айтылып ескертілді. Лагерь

уақытындағы оқушылардың қауіпсіздік ережелері туралы нұсқаулықтар ата-аналар жиналысында айтылып, мектепте стендке ілінді. Пән кабинеттері дайындықтарын жасап, лагерьге жауапты мамандар тағайындалды. Мектепте 5-10 сыныптар аралығында профильді лагерь жұмыс жасайтын болады. Лагерьдің ашылу салтанаты 02.06. күнге жоспарланып отыр. Профильді лагерь «Digital Generation» 8-10 сыныптар аралығында өтетін болады. Лагерь уақыты сағат 10.00-13.00 аралығы деп карастырылуда. 5-10 сыныптар аралығында «КітапLike», «Ғажайып қазақ тілі», «Математика әлемі», «Happy English», «Зеленый мир», «Дидарлы жаз», «Русский язык с увлечением», «Умелые ручки», «Все тайны и загадки мира», «Математика әлемі», «ҰБТ дайындық» осындай профильді лагерьлер жұмыс жасайтын болады. Лагерьге жауапты мұғалімдер жоспар бойынша жұмыс жасауға дайын.

2-мәселе бойынша әлеуметтік педагог: Кулжабекова С.О. «Әлеуметтік педагог қызметіндегі мемлекеттік қызметтер «Отбасы және балалар саласында мемлекеттік қызметтерді көрсету қағидаларын бекіту» туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 158 бұйрығы негізінде жүзеге асады дей келе, соның ішіне мемлекеттік білім беру мекемелеріндегі білім алушылар мен тәрбиенушілердің жекелеген санаттарына қала сыртындағы жазғы лагерьге жолдама беруді жүзеге асыру кіретінін атап өтті. Осы бұйрық аясында 2025 жылғы жазғы кезеңге орай, біздің мектепке қала сыртындағы сауықтыру лагерьіне 4 жолдама бөлінді. Бірінші кезекте заңға сәйкес, бұл жолдамалар жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға берілуі тиіс (Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, 6-бап, 6-тармақ). Мектебімізде бұл санатқа жататын 5 бала тіркелген. Егер олар лагерьге барудан бас тартатын болса кезек бойынша жолдамалар соңғы 3-5 жыл ішінде лагерьге бармаған және демеушілік көмек алмаған аз қамтылған отбасы балаларына берілетін болады. Осыған байланысты, қамқоршылық кеңес мүшелерінің дауыс беру арқылы шешім қабылдауы қажет.

Биыл бөлінген жолдамалар Қоянды аумағындағы "Active Tour" лагерьіне тиесілі. Біздің мектепке берілген жолдамалар лагерьдің 4-сезоны 5.07.25ж -15.07.25ж. Сіздердің дауыс берулеріңізге қарай тізім жасалады.

Айта кетсек, біздің мектеп 09.01.2025 ж. ашылды. Қаңтар айынан бері біздің мектепте жалпыға міндетті білім беру қорынан қаржылай көмек алған – 145 бала тіркелген:

- 1–4 сыныпта – 78 бала, олардың барлығы мектепте тегін тамақпен қамтылған;

- 5–10 сыныпта – 67 бала, оның ішінде: - 5 бала – жетім,
- қалған балалар әлеуметтік көмек алатын, аз қамтылған және қамқоршылық кеңес шешімімент тізімге енген оқушылар.

Бұл көрсетілген балалар бұған дейін басқа мектептерде тіркеліп, сол жерден қаржылай көмек алған. Біз бұл жұмысты жалғастырып отырмыз, 2025-2026 оқу ж. бастап жалпыға міндетті білім беру қорына құжаттарды қабылдайтын боламыз, сол кезде санаттар мен тізімдер жаңаруы мүмкін.

Алдарыңызға толық мәліметтері көрсетілген тізімді ұсынып отырмыз.

Бұл тізімде:

- отбасының әлеуметтік жағдайы;
- соңғы 3-5 жылда бұрын лагерьге барған-бармағаны;
- білім көрсеткіштері қамтылған.

ҰСЫНЫС:

1. Лагерьге бөлінген 4 жолдама алдымен жетім және ата – анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға ұсынылсын. Егер бұл санаттағы балалар лагерьге барудан бас тартқан жағдайда, жолдамалар заң талаптарына сәйкес, соңғы 3 – 5 жылда лагерьге бармаған аз қамтылған отбасы балаларына кезекпен берілсін.
2. Жолдама алушыларды іріктеу үшін арнайы комиссия құрылып, үміткерлердің деректері бойынша ашық және әділ таңдау жүргізілсін.

ҚАУЛЫ:

1. Мектепішілік лагерь туралы ақпарат түсінікті деп танылсын.
2. Жолдамадан бас тартқан жетім балалар орнына әлеуметтік жағынан аз қамтылған, АСП алатын, бұрын қала сыртындағы лагерьге бармаған төмендегі оқушыларға басымдылық берілсін.
3. Шешімнің орындалуын қамтамасыз ету мектеп әкімшілігіне жүктелсін.

Басымдылық берілетін оқушылар тізімі:

Ахмедиева С.А.

Лопатникова М.И.

Левцова Е.С.

Спазова А.Б.

Нурмагомедов З.И. резерв.

Мамедовская Э.И. резерв.

Евменев Д.Б. резерв.

Мухометов Тимур, Мухометов

Тасуев резерв.

ДАУЫС БЕРГЕНДЕР:

Қолдағандар: _____

Нурмагомедов Абай Махамбетович *[Signature]*

Саматова Жантөлеу Қалиғалиқызы *[Signature]*

Ахмедиева А.Е. *[Signature]*

Мамедовская Д.Б. *[Signature]*

Булекпасова Б.И. *[Signature]*

Курманжанов С.О. *[Signature]*

Бутабаева М.Е. *[Signature]*

Мамедов А.И. *[Signature]*

Қарсы болғандар: _____

Қалыс қалғандар: _____

Төраға: Ахмедов Булекпасов Б.И.

Хатшы: Ахмедов Бутабаева М.Е.